



EUROPEAN  
PUBLIC  
PROSECUTOR'S  
OFFICE



**Еуропалық прокуратура  
мен Қазақстан Республикасының Бас  
прокуратурасы  
арасындағы өзара іс-қимыл туралы  
КЕЛІСІМ**

**Еуропалық прокуратура  
мен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы  
арасындағы өзара іс-қимыл туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі «ЕП» деп аталатын Еуропалық прокуратура және бұдан әрі «БП» деп аталатын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, бірлесіп «Қатысушылар» деп аталатындар

бұдан әрі «ЕП Регламенті» деп аталатын ЕП құру бойынша ынтымақтастықты кеңейтуді жүзеге асыратын 2017 жылғы 12 қазандағы 2017/1939 (ЕО) Кеңес Регламентінің ережелерін және аталған Регламенттің 99 және 104-баптарын назарға ала отырып,

ЕП Регламентінің 99-бабының 3-тармағына сәйкес осы Келісім жеке деректерді алмасуға рұқсат беруге құқықтық негіз бола алмайтынын және Еуропалық Одақ немесе оның мүше мемлекеттері, Қазақстан Республикасы үшін заңды түрде міндетті емес екенін мойындай отырып,

Қатысушылардың Еуропалық Одағы мен Қазақстан Республикасының қаржылық мүдделерін тергеп-тексеру және қылмыстық қудалау құралдары арқылы қорғау мақсатында тығыз ынтымақтастық орнату ниетін ескере отырып,

Еуропалық Одақтың Негізгі құқықтар хартиясын толық сақтап, олардың арасында тиімді тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалауды қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық пен ақпарат алмасуға ықпал етуге, сондай-ақ Еуропалық Одақ бюджетіне қарсы қылмыстарға, атап айтқанда ақшаны жылыстатуға және онымен байланысты өзге де қылмыстарға күдікті немесе айыпталушы барлық тұлғаларды негізсіз кідіріссіз жауаптылыққа тартуға ұмтыла отырып,

**МЫНАДАЙ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ:**

## **I-бөлім**

### **Мақсаты**

Осы Өзара іс-қимыл туралы келісімнің (бұдан әрі — «Келісім») мақсаты Қатысушылардың өз құзыреті шегінде тергеп-тексерулер жүргізу және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде ынтымақтастығына жәрдемдесу болып табылады, оның ішінде жедел және өзге де қызығушылық білдіретін ақпаратпен өзара алмасуды жүзеге асыру, сондай-ақ өз заңнамаларына сәйкес ынтымақтастықтың өзге де нысандарын іске асыру, қажет болған жағдайда екіжақты және көпжақты шарттарды қоса алғанда, жүзеге асырылады.

## **II-бөлім**

### **Қолданылу саласы**

Қатысушылар өз заңнамалары шеңберінде осы Келісімде көзделген барлық салаларда, қаржылық қылмыстарға ерекше назар аударып отырып, ынтымақтастық жасайтын болады.

## **III-бөлім**

### **Анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

- а) «Еуропалық прокурор» — ЕП Регламентінің 16-бабында және 96-бабының 1-тармағында көрсетілген ЕП лауазымды тұлғалары;
- б) «Өкілеттік берілген еуропалық прокурор» — ЕП Регламентінің 17-бабында және 96-бабының 6-тармағында көрсетілген ЕП лауазымды тұлғалары;
- с) «ЕП персоналы» — ЕП Регламентінің 2-бабының 4-тармағында және 98-бабында көрсетілген қызметкерлер мен өзге де тұлғалар.

## **IV-бөлім**

### **Дәлелдемелерді жинау саласындағы ынтымақтастық**

Қатысушылар өздерінің қолданыстағы заңдары мен халықаралық құқықтық шарттарына, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы да, Еуропалық Одақ та қатысушылары болып табылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясына және Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

конвенциясына, сондай-ақ қолданылуы мүмкін кез келген басқа көпжақты конвенцияларға немесе Қазақстан Республикасы мен ЕП-ға қатысушы мүше мемлекеттер арасында жасалған екіжақты шартқа сәйкес дәлелдемелер немесе жедел ақпарат жинау мақсатында бір-біріне барынша кең ауқымды ынтымақтастық жасасуға ықпал етеді. Қатысушылар арасындағы ынтымақтастыққа қолданылатын халықаралық шарт болмаған жағдайда, Қатысушылар өзаралық қағидаты негізінде бір-біріне құқықтық көмек көрсете алады.

#### **V-бөлім**

#### **Активтерге тыйым салу және тәркілеу**

Қатысушылар өздерінің заңнамасына және көпжақты құқықтық шарттарға сәйкес активтерге тыйым салу, алып қою және тәркілеу мәселелерінде ынтымақтастықты жүзеге асырады.

#### **VI-бөлім**

#### **Бірлескен тергеу топтары**

Қатысушылар өздерінің заңнамасына және көпжақты құқықтық шарттарға сәйкес өз құзыретіне жататын істер бойынша бірлескен тергеу топтарын құру мәселелері бойынша ынтымақтастық жасай алады. Бірлескен тергеу тобын құру үшін Қатысушылар бөлек келісімдер жасайды.

#### **VII-бөлім**

#### **Ұстап беру**

Қатысушылар ЕП іздестірудегі адамды ұстап беру туралы сұрау салу қажет болған жағдайларда істі жүргізуші еуропалық өкілеттік берілген прокурор өзінің мүше мемлекетінің құзыретті органынан Қазақстан Республикасы мен сол мүше мемлекет арасындағы қолданылатын халықаралық шартқа немесе өзара түсіністік қағидатына сәйкес ұстап беру туралы сұрау салуды жолдау жөнінде өтінішхат бере алатынын мойындайды.

**VIII-бөлім****Ынтымақтастықтың өзге де нысандары**

Қатысушылар:

a) өз құзыреті шегінде жедел емес сипаттағы кез келген ақпаратпен алмаса алады. Мұндай ақпарат дербес деректерді қамтымауы тиіс;

b) өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша оқыту іс-шараларын өткізуде ынтымақтастық жасай алады;

c) бір-бірін семинарларға, тренингтерге, конференцияларға және өзара қызығушылық тудыратын өзге де осы тектес іс-шараларға шақыра алады;

d) Қатысушылар өзара келісім бойынша айқындалатын тәртіппен бір-біріне логистикалық, техникалық немесе өзге де қолдау көрсете алады, сараптамалық көмек бере алады немесе өзге де ынтымақтастықты жүзеге асыра алады;

e) Қатысушылар арасында келісілген ынтымақтастықтың қосымша нысандарына немесе іс-шараларға қатыса алады.

**IX-бөлім****Байланыс орталықтары**

1. Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында БП тарапынан байланыс орталығы ретінде айқындалады:

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық қызметі,

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
эл. пошта: [icd@prokuror.kz](mailto:icd@prokuror.kz)

2. Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында ЕП тарапынан байланыс орталығы ретінде айқындалады:

Нақты істер бойынша ақпарат алмасу үшін: Операциялық бөлім, МОҚА (мекемелер, органдар, қызметтер және агенттіктер) және жедел ынтымақтастық тобы,

11 Avenue John F. Kennedy, L-1855, Luxembourg,

эл. пошта: [epo-international-cooperation@epo.europa.eu](mailto:epo-international-cooperation@epo.europa.eu)

Коммуникацияның өзге де түрлері үшін: Еуропалық Бас Прокурордың Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесшісі, эл.пошта: [epo-executiveoffice@epo.europa.eu](mailto:epo-executiveoffice@epo.europa.eu)

## **X-бөлім**

### **Байланыс құралдары мен арналары**

1. Қатысушылар хабарламаның жіберілгені туралы жазбаша растауды алуға мүмкіндік беретін кез келген құралдар арқылы, оның ішінде қорғалған электрондық байланыс құралдары арқылы да байланыс орната алады.

2. Қатысушылар өздерінің заңнамасына сәйкес ынтымақтастықты оперативтік деңгейде жүзеге асыратын болады.

3. Қатысушылар арасындағы ақпарат алмасу ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Өзара құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салулар қолданылатын құқықтық шартта көзделген тілге аудармасымен қоса берілуі тиіс.

## **XI-бөлім**

### **Деректерді қорғау**

1. Қатысушылар арасында жеке деректерді беру осы Келісім бойынша жүзеге асырылмайды және қолданыстағы халықаралық келісімдерді қоса алғанда, Қатысушылардың заңнамасымен реттеледі.

2. Берілетін кез келген өзге де ақпарат қолданылатын халықаралық келісімдерді қоса алғанда, Қатысушылардың заңнамасымен реттеледі.

3. Өзара алмасатын ақпарат тек өзі берілген мақсаттарда ғана пайдаланылады және басқа Қатысушының алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да бір сот немесе әкімшілік талқылауларда пайдалануға жатпайды.

## **XII-бөлім**

### **Консультациялар**

Қатысушылар осы Келісімді әртүрлі түсіндіруге әкеп соғуы мүмкін кез келген мәселелер бойынша бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

### **XIII-бөлім Шығыстар**

Егер өзгеше көзделмесе, Қатысушылар осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын өз шығыстарын өздері көтереді.

### **XIV-бөлім Басқа халықаралық шарттармен арақатынасы**

Осы Келісім халықаралық шарт болып табылмайды және тиісінше Еуропалық Одақтың немесе оның мүше мемлекеттері мен Қазақстан Республикасының тарапы болып табылатын өзге де халықаралық шарттардан туындайтын Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпейді.

### **XV-бөлім Өзгерістер енгізу**

Осы Келісімге Қатысушылардың өзара келісімі бойынша кез келген уақытта жазбаша нысанда өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **XVI-бөлім Келісімнің қолданылуын тоқтату**

1. Осы Келісімнің қолданылуын кез келген Қатысушы үш ай бұрын жазбаша хабарлама беру арқылы тоқтатуы мүмкін.
2. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда Қатысушылар бұрын алмасқан ақпаратты одан әрі пайдалану және сақтау мәселелері туралы келіседі.
3. Осы бөлімнің 1-тармағына нұқсан келтірместен, Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылу кезеңінде басталған іс-шараларға әсер етпейді.

**XVII-бөлім**  
**Күшіне енуі**

Осы Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

2026 жылғы \_\_\_\_ маусымда \_\_\_\_\_ қаласында екі түпнұсқа данада, әрқайсысы ағылшын және қазақ тілдерінде жасалды және олардың әрқайсысының мәтіні бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

**Еуропалық прокуратура үшін**



**Лаура Кодруца КЕВЕШИ**  
**Еуропалық Бас Прокуроры**

**Қазақстан Республикасының**  
**Бас прокуратурасы үшін**



**Берік АСЫЛОВ**  
**Қазақстан Республикасының**  
**Бас Прокуроры**